



**ВОЛОНТЕРЛІК –
АҚЖҮРЕК ҚЫЗМЕТ**

4-БЕТ | ЖАСТАР



**ЕРЕКШЕ ЖАНДАРҒА –
ЕРЕКШЕ КӨЗҚАРАС**

7-БЕТ | ӘЛЕУМЕТ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Егемендікке қол жеткізу оңай емес, ал оны сақтап тұру тіпті қиын. Шын мәнінде, Тәуелсіздік – бәрінен қымбат. Тәуелсіздікті сақтау, бұл – ең алдымен, тұтас ұлттың жауапкершілігі. Біз егемендікті тынымсыз еңбекпен, мызғымас бірлікпен күн сайын қорғауымыз керек. Ең бастысы, еліміздегі тұрақтылықты сақтауымыз қажет. Себебі тыныштық болмаса, басқаның бәрі бекер. Әлемдегі ахуалдың қандай күрделі екенін көріп отырсыздар. Беделді халықаралық сарапшылар Қазақстанды бейбітшіліктің бесігі деп атайды. Бейбітшілік – біздің басты байлығымыз. Оның қадіріне жетіп, бағалай білу – бәрімізге ортақ парыз. Мұны еліміздің әрбір азаматы, әсіресе, өскелең ұрпақ терең түсінуі қажет.

№128
(4561)
Сенбі
28 қазан
2023 жыл



ASTANA

**ELORDA
AQPARAT**
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



МЕМЛЕКЕТТІК НАГРАДА – МӘРТЕБЕЛІ АТАҚ

Мемлекет басшысының Жарлығымен ғалымдарға, мәдениет және білім қайраткерлеріне, өндірістік сала өкілдеріне мемлекеттік наградалар тапсырылды.

«Қазақстанның Еңбек Ері» атағы еліміздің мұнай-газ саласын дамытудағы айрықша жетістіктері, сондай-ақ қоғамдық-саяси қызметтегі аса үздік еңбегі үшін мемлекет және қоғам қайраткері, Парламент Мәжілісінің депутаты Бақтықожа Ізмұхамбетовке, еліміздің әлеуметтік-гуманитарлық дамуындағы аса үздік жетістіктері үшін Семей қаласы «№ 7 жалпы білім беретін орта мектеп-лицейінің мұғалімі Алма Шүкежановаға және өндірістік қызметтегі ерекше еңбегі үшін Қызылорда облысы «Таң ЛТД» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Имамзада Шағыртаевқа берілді.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен биылдан бастап ұлт бірлігін нығайту және қоғамдық татулықты қамтамасыз ету жолындағы жемісті еңбегі үшін тағайындалған «Ел бірлігі» ордені 7 адамға тапсырылды.

Биылдан бастап құрметті марапаттар қатарына «Қазақстанның халық жазушысы» және «Қазақстанның халық әртісі» атақтары да қосылды.

Көрнекті қалагерлер Төлен Әбдіқұлы, Смағұл Елубаев, Бексұлтан Нұржәкеев, Софы Сматаев, Ахметжан Аширов және Любовь Шашкова «Қазақстанның халық жазушысы» атағына, еліміздің көрнекті мәдениет қайраткерлері, театр және кино актерлері Динмухамед Ахимовқа, Михаил Токарев пен Дулыға Ақмолдаға, опера әншілері Шахмардан Әбілов пен Талғат Күзенбаевқа, атақты әншілер Рамазан Стамғазиевке, Димаш Құдайбергеге және күйші Айгүл Үлкенбаеваға «Қазақстанның халық әртісі» құрметті атағы берілді.

Жалпы биылғы мемлекеттік наградаларды тағайындауда қарапайым азаматтарға басымдық берілді. Атап айтқанда, марапатталғандар арасында 298 ұстаз бен денсаулық сақтау саласының қызметкерлері, 259 ауыл шаруашылығы маманы, 119 еңбек ардагері, өндіріс саласының 88 жұмысшысы бар. Бұл қарапайым еңбеккерлердің мәртебесін асыруға, қоғамдағы қадірін арттыруға бағытталған нақты қадам болды.



ҚОНЫС ТОЙЫ – ҚУАНЫШ ТОЙЫ



Елордада Республика күні мерекесінде бір топ үлескерлер көптен күткен пәтерлерін алып, қоныс тойын тойлады. Биыл елордада құрылысы ұзаққа созылған 30-дан аса тұрғын үй кешені пайдалануға беріледі.

Тұрғындары кілтін алған «Алтын бұлақ» тұрғын үй кешенінің құрылысы сонау 2014 жылы басталған.

«Біз 10 жылға жуық тарихы бар құрылысы ұзаққа созылған нысанды аяқтадық. «Алтын бұлақ» тұрғын үй кешенінің құрылысы сонау 2014 жылы басталған. Үйдің 5 блогы салынуы керек еді. Ал үлескерлер саны – 400-ге жуық отбасы. Тұрғын үй кешенін өткізген кезде құрылысының 20 пайызы ғана аяқталған. Осылайша, тұрғын

үй кешенінде ауқымды жұмыс жүргізілді, себебі құрылысынан бөлек гараждарды сатып алу, инженерлік желілерді толықтай орнату, құжаттарды ретке келтіру және т.б. қажет болды» деп жазды Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек өзінің әлеуметтік парақшасында.

Қала басшысының сөзінше, биыл құрылысы ұзаққа созылған 30-дан астам тұрғын үй кешенінде жұмыс аяқталады.

«Республика күні пәтер кілтін

2, 3, 4 блок үлескерлері алды. 1 және 2 блоктарда жұмыс жүріп жатыр. Биыл құрылысы ұзаққа созылған 30-дан астам тұрғын үй кешенін аяқтауды жоспарлап отырмыз. Бұл – 4 мыңға жуық үлескер отбасы. Бұл үйлердің бір бөлігі салынып бітті. Осыған дейін 12 мыңға жуық үлескер отбасының мәселесі шешілген болатын. Бұл – 120 тұрғын үй кешені. Құрылысы ұзаққа созылған нысандардың аяқталуы – Мемлекет басшысының бақылауында» деді елорда әкімі.

ЖАҢА КӨПІР АШЫЛАДЫ

Астанадағы Тәуелсіздік даңғылында салып жатқан жаңа көпір 30 қазанда пайдалануға беріледі. Сегіз жолақты жаңа көпірдің төрт бағыты бір жағында, қалған төртеуі екінші жағында болады.

Бұл көпір өзге көшелерге түсетін күшті едәуір жеңілдетуге мүмкіндік береді, атап айтқанда, сол жағалауды Тәуелсіздік даңғылымен, жаңа теміржол вокзалымен, Қошқарбаев даңғылымен, Нәжімеденов көшесімен, Әзірет


Сұлтан мешітімен, Байтұрсынов, Қордай, Айнакөл көшелерімен, Момышұлы даңғылымен және басқа қосымша жол байланысты қамтамасыз етеді.

Көпірдің абаттандыру жұмыстары көктемге дейін жалғасады.



28-29 ҚАЗАНДА

«Астана Арена» стадионы алындағы алаңда Ақмола облысының ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің жәрмеңкесі өтеді. Тауар өндірушілер ет пен балық, жарма мен сүт, көкөніс пен жемістің түр-түрін ұсынады.



ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 502.14 \$ USD/KZT 476.28 ₰ RUB/KZT 5.09 ¥ CNY/KZT 65.07

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz

КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР МАРАПАТТАЛДЫ



Елордада коммуналдық қызмет көрсету саласының қызметкерлері қуанышқа бөленді.

«Elorda Eco System» компаниясында Республика күніне орай өткен салтанатты іс-шараға Парламент Мәжілісінің депутаты Дәулет Тұрлыханов, еңбек сіңірген спорт шеберлері Серік Сәпиев мен Илья Ильин, Астана мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов, «Elorda Aqparat» ЖШС бас директоры Олжас Сыдықбек қатысты.

«Elorda Eco System» ұйымы елорда мен қала маңындағы елді мекендерде су бұру қызметтерін атқаратын жауапты кәсіпорын саналады. Атап айтқанда, бұл кәсіпорын нөсер кәрізін тазарту мен күтіп ұстау, жалпы қаланы таза ұстау жұмыстарын іске асырады. Мерекеге орай кәсіпорынның 200 қызметкері түрлі марапатқа ие болды.

ЖӘРМЕҢКЕДЕ ЖҰМЫС КӨП

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде жастарға арналған бос жұмыс орындары жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Іс-шараға 70 шақты мекеме қатысып, 2 мыңға жуық бос жұмыс орны ұсынылды.

Индира БЕРЖАНОВА

«Бұл – биыл өткізілген алтыншы іс-шара. Жыл соңына дейін онға жуық жәрмеңке өткізілмек. Алдыңғы бос жұмыс орындары жәрмеңкесінде 200 жас жұмыспен қамтылса, осы жолы мыңға жуық жұмыс орны ұсынылды. Университет алаңында мемлекеттік мекемелерден бастап, жеке кәсіпкерлік өкілдеріне дейін қатысып, осылайша жұмыссыз жастар бір уақытта бірнеше мекемеге өз түйіндемесін бере алды» деді «Астана жастары» КММ-нің маманы Әсел Болатқызы.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, таңертең басталған бос жұмыс орындары жәрмеңкесі түскі уақытқа дейін созылды. Айта кетейік, аталған ауқымды іс-шараны Астана қаласының Жастар саясаты мәселелері басқармасы, «Астана жастары» жастар ресурстық орталығы, қалалық «Халықты жұмыспен қамту орталығы» және Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті бірлесе ұйымдастырды. Жәрмеңкеге AirAstana, «SOS Астана Балалар ауылы», «Риксос Бурабай» қонақ үйі, «Банк ЦентрКредит» АҚ, «BI Group» холдингі, «KazAeroSpace»



және т.б. ірі ұйымдар мен компаниялар қатысты.

– Аталған жәрмеңкеде жұмыс іздеуші жастармен қоса жоғары курстың студенттері іс-тәжірибеден өту үшін мекемелермен келісім жасады. Осы білім ордасынан жылда 5 мың түлек бітіріп шығады. Сол студенттеріміз мамандығына сай жұмыс табуы үшін университетіміздің алаңында бос жұмыс орындары жәрмеңкесінің өтуі – үлкен

көмек. Университетімізде мұндай іс-шара жыл сайын екі мәрте өткізіліп тұрады. Түйіндемелерін әкеледі, жұмыс берушілермен сұхбаттасады. Әр жәрмеңкеде жұмыс іздеуші жастардың шамамен 20-30 пайызы мамандықтарына сай жұмыс тауып жатады, – деді Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің карьера және бизнес әріптестік бөлімі басшысы Гүлнұр Смағұлова.

ЕРЕКШЕ БАЛАЛАР КӨРМЕСІ

Астанада ерекше балалардың табиғи материалдардан жасалған қолөнер көрмесі өтті. Көрмеге «№1 психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінде» білім алатын «Болашақ» және «Балдырған» топтарындағы 3-6 жас аралығындағы балалар мен ата-аналар қатысты.



Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

– Дәстүр бойынша біздің №1 педагогикалық-психологиялық кабинетінде әрбір алтын күз маусымы келген сайын балаларға оның мән-маңызын, ырзық-несібесін түсіндіру мақсатында түрлі шаралар ұйымдастырамыз.

Мұндай шаралар кезінде балалар өздеріне ұнайтын жеміс-жидектер, дөңді дақылдар, көкөністер бейнеленген немесе соларға ұқсастырыла тігілген киімдер киіп, тақпақтар айтып, қойылымдар көрсетеді. Бұл өз кезегінде жас өскіннің өз туған жерінің қасиетін ұғынуға, табиғатты сүюді үйренуге көмектеседі, – дейді



Оңалхан ӨНЕРХАН

әдіскер Ғайшагүл Жұрқабаева.

Астана қаласындағы «№1 психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» 2013 жылдан бері жұмыс істейді. 0-18 жас аралығындағы мүмкіндігі шектеулі балалар мен жасөспірімдердің барлық санаттарына педагогикалық түзету мен балалардың психофизикалық дамуы мәселелері бойынша кешенді түрде әдістемелік көмек көрсетеді.

Күзгі көрме – ерекше балалардың сыйы, олардың ең жақын адамдарына жылуын сездіріп, үлкендердің қамқорлығына алғысы деп қабылдадық.

ЕЛОРДА ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ ЖӘНЕ АСТАНА ҚАЛАСЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ СЕГІЗІНШІ САЙЛАНЫМЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

2023 жылғы 31 қазанда 11:00 қалалық мәслихаттың мәжіліс залында Астана қаласы мәслихатының сегізінші сайланымының кезектен тыс сессиясы шақырылады.

Сессияның қарауына келесі мәселе енгізіледі:

1. Астана қаласы мәслихаты депутатының өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы.
2. Астана қаласының кейбір құрамдас бөліктеріне атау беру туралы.
3. Астана қаласында шетелдіктер үшін туристік жарна мөлшерлемелерін бекіту туралы.
4. Астана қаласы мәслихатының 2023 жылғы 19 қаңтардағы № 316/39-VII «Астана қаласы әкімдігінің дербес құрамын келісу туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.
5. «Астана қаласы әкімдігінің жанындағы Тұрғын үй комиссиясының құрамы туралы» Астана қаласы мәслихатының 2021 жылғы 30 желтоқсандағы №130/18-VII шешіміне өзгерістер енгізу туралы.
6. Астана қаласы мәслихатының кейбір шешімдерінің күшін жою туралы.

Анықтама телефондары: 55-66-35, 55-66-36

Е.КАНАЛИМОВ,
Астана қаласы мәслихатының төрағасы

АСТАНА ҚАЛАСЫ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА! ҚҰРМЕТТІ ЕЛОРДА ТҮРҒЫНДАРЫ!

Астана қаласының мәслихаты 2023 жылғы қарашаның екінші онкүндігінде «Жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлқының алдын алу».

Жария тыңдаулардың қарауына енгізілген мәселе бойынша ескертулеріңіз бен ұсыныстарыңызды Астана қаласы мәслихатының аппаратына 55-66-35, 55-66-31 телефондары және astana@maslihat01.kz электрондық поштасы арқылы жолдауларыңызды сұраймыз.

Е.КАНАЛИМОВ,
Астана қаласы мәслихатының төрағасы

ЮНУС ЭМРЕГЕ ЕСКЕРТКІШ ҚОЙЫЛДЫ

Астанадағы Ататүрік саябағында түркі әлемінің қалыптасуына еңбек сіңірген тарихи тұлға, XIII-XIV ғасырларда Анадолыда өмір сүрген осы түркі әлемінің ойшылы, философы, сопылық ілімін жалғастырушы Юнус Эмренің ескерткішінің ашылу салтанаты өтті.



Аталған іс-шараны ҚР Парламенті Сенатының депутаты, Халықаралық түркі академиясының президенті, танымал түрколог, академик Дархан Қыдырәлі құттықтау сөзімен ашты. Ол Мұстафа Кемал Ататүріктің «Бір уақыт келеді, Кеңестер одағы да құлайды, сол кезді күтіп отыра бермей, біз өзіміздің көпірлерімізді құра беруіміз керек. Тіл – біздің көпір, тарих – біздің көпір, дәстүр мен мәдениет – біздің көпір» деген сөзін еске салып, «дәл Астана көпірі жанынан орын алған ескерткіштің тіліміздің, тарихымыздың, мәдениетіміздің көпірі, шын мәнінде түркі әлеміне алтын көпір болады» деп үміттенетінін айтты.

Ескерткіштің салтанатты ашылуына арнайы қатысқан Түркия Республикасының Қазақстан Республикасындағы төтенше және өкілетті елшісі Мұстафа Капуджу сөз сөйлеп, алғысын білдірді. Түркі жұртына ортақ ұлы тұлғаның ескерткішінің жібек бауын кескен тарихи сәттен соң, елшілік және елорда әкімшілігі атынан гүл шоқтарын қою рәсімі болды.

ЖУРНАЛИСТ МЕРЕЙІ

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек Мемлекет басшысының Жарлығымен марапатталған бір топ астаналықтарға мемлекеттік наградаларын тапсырды.

Қаланың дамуына әркім үлес қосып жүрген астаналықтарға III дәрежелі «Барыс», «Парасат», «Құрмет», III дәрежелі «Еңбек даңқы» ордендері, «Ерлігі үшін», «Ерен еңбегі үшін», «Шапағат» медальдары, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағы, ҚР құрмет грамотасы берілді.

Мемлекеттік награда алғандардың қатарында болған белгілі журналист, «Вечерняя Астана» газеті бас редакторының орынбасары Шолпан Ақбалаева «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Әріптесімізді наградасымен құттықтап, шығармашылық шабыты арта беруіне тілектеспіз.



ТҰРҒЫН АЛАПТАРДАҒЫ РЕСПУБЛИКА ТОЙЫ

Биыл елордада Республика күнін мерекелеу аясында 200-ден астам мәдени-бұқаралық, білім беру, спорттық және әлеуметтік шаралар ұйымдастырылды. Олар тек қаланың білім беру, мәдениет және спорт мекемелерінде ғана емес, сонымен қатар қаланың 5 ауданының тұрғын алаптарында да өтті.

Концерттер ғана емес, спорт эстафеталары, балдырғандарға арналған ойындар ұйымдастырылып, балалар аниматорлармен бірге көңіл көтерді.

Сарыарқа ауданында Көктал-2 тұрғын алабындағы Қорғалжын саябағында, Байқоңыр ауданында Өндіріс тұрғын алабында, Алматы ауданында Интернациональ- ный тұрғын алабында, Есіл

ауданында Пригородный елді мекенінде және Нұра ауданында Жағалау шағын ауданында Астананың Мәдениет басқармасына қарасты шығармашылық ұжымдары өнер көрсетті.

Мереке шеңберінде елорда тұрғындары «Менің елім – менің туым!» челленджін өткізіп, Астананың 5 ауданында терезелер мен балкондарға және көше бойына 1000-нан астам

ту ілді. Ал «Астана жастары» еріктілері елорда көшелерінде Отанға деген сүйіспеншілігін құшақтасу арқылы білдіретін арнайы шара өткізді. Еріктілер қала көшелеріне «Әр құшақта – Отанға деген махаббат» жазуы бар тақтайшамен шықты. «Мейірімді қала» шарасы аясында еріктілер жолаушыларға бірлік пен патриотизмді насихаттап, тәттілер сыйлады.



ҚАЛА КІТАПХАНАЛАРЫ ЖАҢҒЫРТЫЛДЫ

Биыл Астананың орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты 4 қалалық кітапхана жаңғыртылды. Олардың 2-еуі Республика күні және кітапханашылардың кәсіби мерекесіне орай есігін қайта айқара ашты. Ашылу рәсіміне Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен қатысып, кітапхана қызметкерлерін мерекелермен құттықтады. Жаңғыртылған оқу залдарын аралағаннан кейін кітапхана жүйесі қызметкерлерін марапаттау рәсімін өткізді.

«Қазіргі цифрландыру ғасырында халықтың мәдени деңгейін арттырып, оқу белсенділігін дамытуға, жастарды рухани-адамгершілік тәрбиелеуге көңіл бөлу өте маңызды. Кітаптың бұл жолда атқаратын рөлі зор. «Адамды адам еткен – кітап, адамзат еткен – кітапхана». Ежелден асыл қазынаға толы кітапхананың қоғамдағы маңызы ерекше. Ертеңгі ел тізгінін ұстар жастар

мен көпшілік оқырмандарға кітапты насихаттау жолында еңбектеніп жүрген кітапханашыларды кәсіби мерекелерімен құттықтаймын! Оқырманыңыз көп, жұмысыңыз жемісті болсын!» деді Есет Байкен.

№4 балалар кітапханасында, сондай-ақ зағип және нашар көретін азаматтарға арналған мамандандырылған кітапханада биыл материалдық-техникалық база жаңартылды. Заманауи

эргономикалық жиһаз қойылды, дизайнерлік жұмыс жүргізілді, қасбеттер жаңартылды. Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған мамандандырылған кітапханада жаңа жабдық орнатылды. «Оқу машинасы» аталатын бұл – сөйлеу синтезі бар компьютерлік тифлоқешен. Оның көмегімен көзі нашар көретін оқырмандар кітап оқи алады, материалдарды өңдеп, басып шығара алады.



АЛАШТЫҢ АЗАТТЫҚ АҢСАРЫ

Бейбітшілік және келісім сарайында Республика күніне орай «Отан қымбат» атты мерекелік концертті өтті.

Алаштың азаттық аңсары арқау болған концерт Шәкәрім Құдайбердіұлының 165 жылдығына, Мағжан Жұмабаевтың 130 жылдығына, басқа да Алаш қайраткерлерінің мерейтойына арналды. Алаш мұрасы дәріптелген кеште ардақтыларымыздың ұлт тәуелсіздігі жолында жасаған ұлы істері туралы айтылып, монологтар оқылды. Әрбір тарихи тұлғаны еліміздің белгілі актерлері сомдады.

Көрерменге Республика күні

мерекесінің маңызын тарихи тұлғалардың монологымен жеткізген бұл қойылымның ерекшелігі графикалық 3D декорация түрлі тарихи кезеңге сапар шектірді. Әр кезеңнің әндері арқылы қойылымның драматургиялық желісі көрінді.

Театрландырылған концертке белгілі өнер қайраткерлері мен театр әртістері қатысты. Атап айтқанда, Роза Рымбаева, Жұбанш Жексенұлы, Айгүл Қосанова, Еркебұлан Дайыров,

Дәурен Серғазин, Ибрагим Ескендір, Мәдина Сәдуақасова, Шаба Әдеңкүл, Ерболат Құдайберген, Сырымтай Еңсепов, Мейірахан Амангелді, Данияр Оразаев, Назерке Серікболова, Бауыржан Ретбаев, Перизат Тұрарова, Жаңабай Өтеген, Шерхан Арыстан, Сағын Өмірбайұлы, Екатерина Табарина, Жәніл Тілеубердінова, т. б. өнер көрсетті. Мерекелік концертте патриоттық рухтағы әндер шырқалды.



«ҰЛЫТАУДЫҢ» ҮЛКЕН СЫЙЫ

«Барыс Арена» сарайының сахнасында «Ulytau» этно-рок тобының 25 жылдығына орай үлкен концертті өтті.

Концертке ұжымның негізін қалаушы әрі продюсері Қыдыр-әлі Болманов бастаған белгілі әншілер қатысты. Олардың қатарында Қарақат Әбілдина, Майра Мұхаммедқызы, Төреғали Төрәлі, RaiM, Kalifarniya, Amre, Qanaу болды.

«Ulytau» тобы Батыс пен Шығыс мәдениетін біріктіріп өнер көрсетеді. Өнер ұжымының ерекшелігі – осы. Қазіргі заманғы музыкалық өңдеулерді ерекше стильде ұсынып, классикалық композициялар мен халық әуендеріне жаңа,

заманауи реңк береді. Топ музыканттары қазақтың Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет, Нұрғиса Тілендиев секілді күйшілердің шығармаларын, сол сияқты әлемдік Бах, Вивальди, Паганини туындыларын орындайды.

ОҚУШЫЛАР ЕЛДІКТІ ЖЫРЛАДЫ

Байқоңыр ауданының әкімдігі Республика күніне орай мектеп оқушылары арасында «Мәңгілік жаса, қыран елім!» тақырыбында айтыс өткізді.

Сөз барымтасына барлығы 9 оқушы қатысты. Қазылар алқасының құрамында болған «Қара шаңырақ» қоғамдық бірлестігінің директоры Тұрар Сәттарқызы, айтыскер ақын Өміржан Көпбосын, жас айтыскерлер Айшолпан Тілеутай, Данияр Нұрымжанұлы, Айым Асылбекқызы қатысушылардың сөз саптауын, тіл байлығын

және суырып салма өнерін таразылады.

1-орынды Ыбырай Алтынсарин атындағы №83 мектеп-гимназия оқушысы Берік Әсет иеленсе, 2-орынды Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназиядан Мисалбек Назар алды, 3-орын Жамбыл Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназиядан

Олжас Батанға бұйырды.

Әлихан Бөкейхан атындағы №76 мектеп-лицей оқушысы Абылай Қайратұлы мен №71 мектеп-лицей шәкірті Аяла Бақыт өнері ерекше атап өтілді. Жеңімпаздар мен барлық қатысушыға алғыс хат пен бағалы сыйлық табыс етілді.

Дайындаған
Аманғали ҚАЛЖАНОВ





ЖАЗУШЫЛАР МЕН ЖУРНАЛИСТЕР ЖАРЫСЫ

Астанада Республика күніне және Астана қаласының 25 жылдығына орай «Elorda Aqparat» медиасеріктестігінің ұйымдастыруымен журналистер мен қаламгерлер арасында бильярдтан дәстүрге айналған турнир өтті. Жарысқа бильярдтан екі дүркін әлем чемпионы Ернар Чимбаев төрешілік етті.

Қалиакбар
ҮСЕМХАНҰЛЫ

Жарыстың ашылу салтанатына қалалық мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов қатысып, турнирге қатысушыларды Республика күнімен құттықтап, ойындарына сәттілік тіледі. Қалалық Ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрдаулет Әлмұханов шараға арнайы келіп, ұлттық мерекені ұлықтау мақсатында ұйымдастырылған турнирдің сәтті өтуіне тілеуестік білдірді.

Биыл екінші мәрте өткізіліп отырған бұл турнирге жазушы, тарихшы Қойшығара Салғараұлы бастаған елімізге белгілі ақын-жазушылар, Парламент депутаттары, журналистер, медиаменеджерлер, баспасөз өкілдерінен құралған 32 ойыншы қатысты.

Тартысты өткен бөсекеде I, II, III орындардан бөлек, биыл еліміз бойынша мерейтойы аталып өтіп жатқан қазақтың қабырғалы қаламгерлері Кемел Тоқаев, Сейдахмет Бердіқұлов, Оралхан Бөкей атындағы арнаулы сыйлықтар табысталды.

Күні бойы өткен тастаяқ жарысында белгілі айтыс ақыны Еркебұлан Қайназаров I орын алып, 300 мың теңгенің сертификатымен марапатталды. Оған жүлдені Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі



Бауыржан Омаров тапсырды. II орынды ақтық сынға дейін шебер ойын көрсеткен белгілі журналист, жазушы Талғат Ешенұлы қанжығасына байлап, 200 мың теңге жүлде алды. Тартысты өткен жекпе-жектер қорытындысында III орынға жазушы, журналист Сәдібек Түгел мен белгілі спорт журналисі Несіп Жүнісбайұлы ие болып, жеке-жеке 100 мың теңге жүлде берілді.

Кемел Тоқаев атындағы арнаулы жүлде жазушы, тарихшы Қойшығара Салғараұлына, Сейдахмет Бердіқұлов атындағы жүлде қазақ спорт журналистикасының ардагері Несіп Жүнісбайұлына және Оралхан Бөкей атындағы арнаулы сыйлық белгілі қаламгер, Пар-

ламент Сенатының депутаты Нұртөре Жүсіпке берілді.

Турнир ұйымдастырушылары, аталған арнаулы жүлделерден бөлек, қосымша үздік ойын көрсеткен қатысушылар үшін 4 номинация тікті. Қазылардың шешімімен «Алыстан ат терлетіп келген ойыншы» аталымын Алматы қаласынан арнайы келіп, турнирге қатысқан қазақ журналистикасының ардагері Қайнар Олжай, «Мәдениетті ойыншы» номинациясын белгілі жазушы Шархан Қазығұл, «Алғашқы шар» номинациясын күйші Секен Тұрысбек иеленді. Сонымен қатар «Мерген ойыншы» сыйлығымен ардагер журналист Кенже Жұмағұлов, «Шебер ойыншы» ретінде журналист

Әлімжан Сабыржанұлы лайық деп танылды. «Үздік дуплет» аталымымен журналист Жан-дос Дүйсекеев марапатталды. Марапат иелеріне бағалы сыйлықтар мен ақшалай жүлде берілді.

«Elorda Aqparat» медиасеріктестігінің журналистер мен қаламгерлер арасында бильярдтан турнир өткізіп жатқаны қуана құптайтын бастама болды. Турнирдің еліміздегі мәртебелі мереке – Республика күніне туралануы және оған Астана қаласы әкімдігінің қолдау көрсетуі бильярд спортын дамытуға жасалған үлкен қолдау. Бильярд – жай ғана ойын емес, спорт. Жалындаған жастардан бастап қалтылдаған қарттарға дейін қызығатын бұл ойын түрі Қазақстанда да жақсы дамып келеді. Әрине, бильярдты әркім ойнайды, әртүрлі жарыс өтуі мүмкін, бірақ бүгінгідей қалам ұстаған ақсақалдарымыздың, ағаларымыздың додаға белсене қатысуының мәні зор. Қаламгерлердің бильярд ойнайтыны – бұрыннан келе жатқан үрдіс, Ғабит Мүсіреповтен тартып, кешегі Ақселеу Сейдімбекке дейін бильярдтың шебері болған. Осы тұрғыдан алғанда, Астана қалалық әкімдігінің қолдауымен өтіп жатқан бұл жарыс болашақта «Астана кубогына» айналса, тіпті нұр үстіне нұр болар еді. Бүгінгі жарыс өте тартысты өтті, күні бойы шаршағанымызды ұмытып, ойынның қызығына баттық. Жарыс өте жоғары деңгейде ұйымдастырылған, – деді Сәдібек Түгел өз ықыласын білдіріп.

Марапаттау рәсімінің соңында қорытынды сөз алған «Elorda Aqparat» медиасеріктестігінің



директоры Олжас Сыдықбек жарысқа қатысқан барша ойыншыға алғыс білдірді.

«Турнирдің мақсаты – Республика күні мерекесін ұлықтау, елордадағы қаламгерлер мен журналистер арасында сұхбат алаңын қалыптастыру, бұқаралық спортты насихаттау. Өткен жылдан бастау алған турнир алдағы жылдарда да дәстүрлі түрде жалғасын табады. Бүгінгі

ойынның қызықты да тартымды өтуіне үлес қосқандарыңыз үшін баршаңызға алғыс айтамын!» деді Олжас Сыдықбек.

Айта кетейік, «Elorda Aqparat» медиасеріктестігі жақында Республика күніне және Астана қаласының 25 жылдығына орай оқушылар арасында «Ел жүрегі – Астана» шығармашылық байқауын өткізген болатын.



